



Ж. Есіркепов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 08-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылыққа қарсы бағалық шақ» Республикалық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» Республикалық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын түзу	08 қараша 2022 жыл	С. Бейсебаев
2	Отбасындағы зорлық-зомбылықтың және жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп оқушылары арасында отбасы құндылықтарын насихаттау, ата-ананы сыйлау, үлкендерге құрмет көрсету, бала тәрбиесі жөнінде ашық сабақтар мен тәрбие сағаттарын ұйымдастыру.	08-20.11 2022 жыл	Мектеп басшылығы
3	Науқан аясында зорлық-зомбылық саласындағы заңнама туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу	08-20.11 2022ж	«Жұмысшы топ»
4	Ата-аналарға зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында насихаттық жұмыстар жүргізу	08-20.11 2022 жыл	«Жұмысшы топ» мүшелері
5	Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында күндізгі, түнгі бірлескен профилактикалық рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру, сәтсіз отбасылар мен қадағалаусыз қалған балаларды анықтау, сенім телефондары туралы хабарлау жұмыстарын жүргізу	08-20.11 2022 жыл	«Жұмысшы топ» мүшелері
6	«Менің отбасым» тақырыбында отбасылық бейнеролик байқауын ұйымдастыру	08-20.11 2022 жыл	Ұйымдастырушы педагог Н. Исабайұлы Сынып жетекшілер
7	Оқушылар арасында «Бақытты отбасы» тақырыбында режимінде сурет байқауын ұйымдастыру	08-20.11 2022 жыл	Сынып жетекшілер
8	Атқарылған іс-шараларды БАҚ-на, фейсбук парақшасына жариялап, тиісті орынға мерзімінде өткізу	20.11.22ж	С. Бейсебаев Ұйымдастырушы педагог Н. Исабайұлы

Кестені түзген:  С. Бейсебаев

Ж. Есіркепов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылғы 08-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» Республикалық науқанының өткізілуі жайлы мәлімет

2022 жылғы 08-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанына сәйкес іс-шара жоспарына сай тәрбие орынбасары С. Бейсебаев, мектеп психологы Е. Смановтың ұйымдастырумен зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында бірнеше іс-шаралар өткізілді. Науқан жоспары мұғалімдер мен ата-аналар чаттарына жіберіліп, таныстырылды.

8-11 қараша күні отбасындағы зорлық-зомбылықтың және жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп оқушылары арасында отбасы құндылықтарын насихаттау, ата-ананы сыйлау, үлкендерге құрмет көрсету, бала тәрбиесі жөнінде тәрбие сағаттары өткізілді.

14 қараша күні зорлық-зомбылық саласындағы заңнама туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Балаларға қатысты қатыгездік және оның зардаптары» тақырыбында ата-аналар жиыны өткізіліп, нұсқаулықтар мен жаднамалар таратылды.

15 қараша күні мұғалімдермен «Қоғамдағы, отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылық және бейбітшілік қағидалары тақырыбында дәріс беру жұмысы жүргізілді.

Бастауыш сынып оқушылары арасында «Бақытты отбасы» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылып, балалардың шығармашылық жұмыстары бағаланды.

Науқан барысында «Жасөспірім және көше» тақырыбында күндізгі және кешкі рейд ұйымдастырылып тұрды.

ДТІЖО  С. Бейсебаев